Әділет

# "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 24-НҚ нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

*Күшін жойған*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2016 жылғы 29 тамыздағы № 12-нқ нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 19-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 20.12.2016 № 19-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 17-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12639 тіркелген) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын бекіту туралы" Есеп комитетінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 24-НҚ нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарында:

"ТӨРАҒА ХАТШЫЛЫҒЫ" деген бөлімде "Бас сарапшы – 1 бірлік, В-4 санаты (1-5)" деген кіші бөлім алынып тасталсын;

"Ұйымдастыру-хаттама жұмысы секторы" деген бөлімде:

"Сектор меңгерушісі – 1 бірлік, В-3 санаты (8/2-10)" деген кіші бөлімнің " Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану). | "; |

"Бас консультант – 2 бірлік, В-3 санаты (8/2-11, 8/2-12)" деген кіші бөлімнің "Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану). | "; |

"Сарапшы – 3 бірлік, В-5 санаты (8/2-13, 8/2-14, 8/2-15)" деген кіші бөлімнің "Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану). | "; |

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"**Бас сарапшы – 1 бірлік, В-4 санаты (8/2-12-1)**

| Өлшемшарттар | Қойылатын талаптар | |
|---|---|---|
| Білімі | Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану). | |
| Кәсіби құзыреттілігі | 1. Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге қатысты тестілеу бағдарламасына сәйкес нормативтік құқықтық актілер.<br>2. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды білуі.<br>3. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын білуі.<br>4. Мемлекеттік тілді білуі. | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Жұмыс тәжірибесі | 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы.<br>2. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы. | |
| Функционалдық міндеттері | Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін қалыптастыру және оны қамтамасыз ету, Есеп комитеті айқындайтын тәртіппен, мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізілімін жүргізу, мемлекеттік аудит саласындағы оқу бағдарламаларына талаптарды бекіту, мемлекеттік аудит саласындағы оқу бағдарламаларын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихаттарына тексеру комиссиясының төрағасын тағайындауға ұсыныстарды дайындау және енгізу бойынша іс-шараларды жүргізу, сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік аудиторлыққа кандидаттардың білімдерін мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес растау, ведомстволық бағынысты ұйымның даму жоспары бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлігіндегі қызметін және оның іске асырылуын бақылау жөніндегі қызметті ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру. | ";<br> |

"Мемлекеттік тілді дамыту секторы" деген бөлімде:

"Сектор меңгерушісі – 1 бірлік, В-3 санаты (8/3-16)" деген кіші бөлімнің "Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: гуманитарлық ғылымдар (филология және/немесе аударма ісі); білім беру (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті қазақ мектебінде). | "; |

"Бас консультант – 1 бірлік, В-3 санаты (8/3-17)" деген кіші бөлімнің "Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: гуманитарлық ғылымдар (филология және/немесе аударма ісі); білім беру (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті қазақ мектебінде). | "; |

"Бас сарапшы – 1 бірлік, В-4 санаты (8/3-18)" деген кіші бөлімнің "Білімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| " | Білімі | Жоғары білімі: гуманитарлық ғылымдар (филология және/немесе аударма ісі); білім беру (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті қазақ мектебінде). | "; |

2. Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

2) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің Интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы* *Қ. Жаңбыршин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК